



Кесілемін:
«Талапкер ауылының ІТ мектеп лицейі»
тәрбие ісінің меңгерушісі
 А.К. Калиева
« 02 » 09 2024 жыл

Бекітілді:
«Талапкер ауылының ІТ мектеп лицейі»
мектеп директорының м.а.
 Шакирова Б.М.
« 02 » 09 2024 жыл

**Талапкер ауылының ІТ «мектеп-лицейі»
2024-2025 оқу жылына арналған «Адал ұрпақ» еріктілер клубының
жылдық жоспары**

Аға тәлімгер: Хасенова Д.Н.

Түсінік хат

1. Жалпы ережелер

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мақсаты оқушыларды рухани адамгершілікке баулу, азаматтық – патриоттық негізде тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтымақтасып қалыптастыру. Мектеп клубы мақсатқа сай жоспармен жұмыс жасап келеді.

2. Тәрбие жұмысының мақсаты

Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып, дамыту.

3. Тәрбие жұмысының міндеттері

- рухани-адамгершілік пен азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру
- білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;
- білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
- білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипатты игілікті-әдептік құндылықтарын қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады.

- адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;
- әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;
- эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұстанымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отансүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

5. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы

-«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі міндеттері болып, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайтуға ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шараларға қатысу;

-«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы келесі сипатты секциялардан тұрады: жемқорлыққа қарсы білімдер; жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық; жаппай мәдениеттік шаралар;

-Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы лекциялар, дөңгелек үстелдер және басқа ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;

-Жаппай мәдениеттік шаралар секциясы науқандар, флэшмобтар, диалогтік алаңдар, қоғамдық ардагерлер ұйымдары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа әлеуметтік мәнде шаралар ұйымдастыруға қатысады.

6. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ереже

Ерікті «Адал ұрпақ» мектеп клубының негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады.

Ұжым: 1-11 сынып оқушылары.

Құрылымы: Ерікті «Адал ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- 1) Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- 2) Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- 3) Жаппай мәдени іс шаралар.

**Талапкер ауылының ІТ «мектеп-лицейі»
2024-2025 оқу жылына арналған «Адал ұрпақ» еріктілер клубының
жоспары**

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Сыныбы	Жауаптылар
1.	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	1-11	Мектеп әкімшілігі
2.	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру	Қыркүйек	1-11	Мектеп директоры
3.	«Еңбек күні. Таза аула» сенбілік	Қыркүйек	1-11	Хасенова Д.Н.
4.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу баршамызға ортақ міндет» тәрбие сағаты	Қыркүйек	1-11	Хасенова Д.Н.
5.				
6.	«Қарияға қол ұшын соз!» әлеуметтік жоба	Қазан	1-11	Сынып жетекшілер Хасенова Д.Н.
7.	«Құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алу» дөңгелек үстел	Қазан	1-11	Хасенова Д.Н.
8.	«Жемқорлықсыз болашақ» тәрбие сағаты	Қараша	1-11	Хасенова Д.Н.
9.	«Адалдық - адамдықтың белгісі» атты байқау. Эссе жазу бағыты бойынша 5-7сынып Видеороликтер дайындау бағыты бойынша 8-10 сынып	Қараша	1-11	Сынып жетекшілер Хасенова Д.Н.

10.	«Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу.	Желтоқсан	5-11	Хасенова Д.Н.
11.	«Біздің қоғамдағы әділеттілік» дөңгелек үстелі	Қаңтар	9-10	Хасенова Д.Н.
12.	«Кәмелетке толмағандардың қылмыстық, әкімшілік жауапкершілігі» дәріс сабақ	Қаңтар	9-11	Сынып жетекші, кәмелеттік жасқа толмағандар ісі инспекторы Хасенова Д.Н.
13.	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет байқауы	Ақпан	1-11	Хасенова Д.Н.
14.	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бопсалаудың алдын алу	Наурыз	4-9	Хасенова Д.Н.
15.	«Таза аула – таза ауа» сенбілік	Сәуір	5-7	Хасенова Д.Н.
16.	«Адал ұрпақ» ұйымының жұмысын қорытындылау	Сәуір	1-11	Хасенова Д.Н.

Аға тәлімгер: Хасенова Д.Н.